

«Кен ауылының негізгі орта мектебі» КММ даярлық сынып мұғалімі
Абаханова Көркемнің
жылдық есебі
2024-2025 оқу жылы

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақмола облысы Жарқайын ауданы Кен негізгі мектебіне даярлық сынып мұғалімі болып жұмыс жасап келемін. Маған даярлық тобына жетекшілік ету міндеті жүктелді. Даярлық тобында 6 оқушы

Әдістемелік тақырыбым: Мектепалды даярлық тобында жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдары арқылы оқушылардың сөйлеу, түсіну дағдысын қалыптастыру.

Өзін – өзі жетілдіру тақырыбым: Мектепалды даярлық тобында жаңаша әдіс- тәсілдерді тиімді пайдалану, үйрену жолдарың меңгеру.

Мен даярлық тобына сауат ашу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, жапсыру ,мүсіндеу, сурет салу, құрастыру, музыка, пәндерінен сабақ беремін. Күнтізбелік жоспарым мемлекеттік стандартқа сай құрылған.

Денсаулық саласы бойынша: Жыл басында балалар жүруді(тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 2 - тоқсанның ортасында балалардың спортқа деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді.

Қатынас білім беру саласы бойынша: Жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар екінші тоқсаннан бастап қана бір біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

3 - тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болады. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 3 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады.

Сәуір айында «Бастауыш-білім бұлағы» атты мектепшілік апталық өткізілді. Апталықта «Мұхит әлеміне саяхат» атты іс-шара өткіздім. Іс – шараның мақсаты: оқушылардың математика, сауат ашу, шығармашылықтан біліп, үйренгендерін көрсету болды.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша: Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласы бойынша: Барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру саласы бойынша: Балалар 1 - 20 деңгейінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін кері санай алады. Сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- Сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық тобы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

I-тоқсаннан бастап мектепшілік, аудандық байқау-сайыстарға қатыстық.

Орын, номинациялармен марапатталды.

Мамыр айының қорытынды емтихан баллдары:

№	Білім алушының аты - тегі	Сауат ашу 11 балл	Математика 23 балл	Жаратылыстану 15 балл
1	Қасым Көзайым	11	21	13
2	Аскарбеков Жігер	11	21	13
3	Айтпай Мерей	10	21	13
4	Кошкенов Батырхан	10	19	13
5	Сулеймен Айша	9	9	9
6	Қайсар Жанерке	6	6	9

Болашақта сыныбымдағы оқушылар жақсы жетістіктерге жетіп, елінің елеулі, халқына қалаулы азаматтары болуына сенім білдіремін. Мұғалім ретіндегі жас жеткіншектің жан-жақты дамуына, оның бойында жасырын жатқан шығармашылық қабілетті ашу және белсенді әрекетке жетелеу жолындағы жұмысыммен қоса, өз мектебімнің тиімді дамуына әсер ететін белсенді көшбасшылықты да абыроймен алып жүрсем деген ұстаныммен еңбек ете бермекпін.

Даярлық сынып мұғалімі: Абаханова Коркем Мағауяқызы